

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 5 наурыздағы № 19/129 "Бесінші сайланған Тұпқараған аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 наурыздағы № 1/7 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 мамырда № 3039 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 34/274 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 08.11.2019 № 34/274 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9 бабына сәйкес, Тұпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 5 наурыздағы № 19/129 "Бесінші сайланған Тұпқараған аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2391 болып тіркелген, 2014 жылғы 17 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Алтыншы сайланған Тұпқараған аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы";

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған алтыншы сайланған Тұпқараған аудандық мәслихатының регламенті бекітілсін.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын:

"Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.".

2. Тұпқараған аудандық мәслихатының аппаратының басшысы (А. Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тұпқараған аудандық мәслихатының хатшысына (А.Досанова) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

A.Берішбаева

А.Досанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК